

**Еркін Хабарлау**  
**8 (800) 080-82-02, [wpp.ethicspoint.com](http://wpp.ethicspoint.com) немесе [wppmobile.ethicspoint.com](http://wppmobile.ethicspoint.com)**

WPP-да біз сіздерге кез келген мәселелер мен шағымдарды қолайлы және қауіпсіз талқылауға мүмкіндік беруге ұмтыламыз.

Сол себепті біз жұмыскерлерге, фрилансерлерге, консультанттарға, жеткізушілер мен басқа да үшінші тұлғаларға WPP немесе операциялық компанияларымыздың жұмыс атқару тәсілдері немесе тәртібі мәселелері жайлы шағымдануға болатын тегін әрі анонимді – Еркін Хабарлау - жедел телефон желісін қолдануға мүмкіндік береміз.

Бұл өз атын жария етуге қаламайтын барлық азаматтарға арналған тәуелсіз қызмет атқаратын сервис.

**Мен Еркін Хабарлау арқылы мәселелерімді қалай хабарлай аламын?**

Еркін Хабарлау желісін қолдану әр адамның өз еркінде және толығымен анонимді. Сервис 24 сағат бойы қолжетімді: 8 (800) 080-82-02, [wpp.ethicspoint.com](http://wpp.ethicspoint.com) немесе [wppmobile.ethicspoint.com](http://wppmobile.ethicspoint.com)

Мобильді құрылғы арқылы тез хабарласу үшін төмендегі QR кодты сканерлеуіңізге болады:



Еркін Хабарлау желісін WPP-ға байланысы жоқ үшінші тарап болып келетін, әлемнің түкпір-түкпірінде көптеген тілдерде қызмет көрсететін NAVEX Global EthicsPoint компаниясы басқарады.

Егер шағымыңызды онлайн түрде жеткізгіңіз келсе, келесі электронды мекен-жайды қолдана аласыз: [wpp.ethicspoint.com](http://wpp.ethicspoint.com)

WPP шағымданушыларға қарсы ешқандай жазалау шараларына жол бермейді. Біз барлық адамға маңызды мәселелерді қауіпсіз және қорқыныш сезімінсіз көтеруге мүмкіндік беруге ұмтыламыз.

**Назар аударыңыз:**

- Егер бізге телефон арқылы хабарлассаңыз, сіздің қоңырауыңыз жазылмайды;

- Қалауыңыз бойынша, шағымыңызды анонимді түрде қалдыра аласыз.

**Мен шағымымды қалдырған соң не болады?**

- Сіздің хабарыңыз тіркеліп, NAVEX Global арқылы жасырынып, WPP-нің басты юрисконсультантына және корпоративті қауіп-қатер консультантына жіберіледі. Олар мәселеңізді қарап шыққан соң, WPP адал бизнес жүргізу бөлімі арқылы тергеу жүргізіледі.
- Сіз сауалыңызды кез келген уақытта өзіңізге қолайлы тәсілмен NAVEX Global EthicsPoint платформасы арқылы толықтыра аласыз. Сонымен қатар, дәл осы платформада өз шағымыңыздың қаралу барысын тексеруге мүмкіндік бар.

WPP Тәртіп Кодексімен келесі сілтеме арқылы таныса аласыз:

<http://www.wpp.com/wpp/about/howwebehave/governance/>